КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 8 қазан №7119-25-00-2/10810 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Жамансариева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Апендин Хамит

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2) тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 223-226-баптарын, 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер Хамит Апендинге қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Апендин Хамит мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Апендин Хамит жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік

Документ подписан: Жамансариева А. Ш., 08.10.2025
Дата вступления в законную силу: 18.11.2025, судья Жетибаев Ж. К., 08.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кәсіпорнының пайдасына 1 200 (бір мың екі жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 36 (отыз алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін, барлығы 1 236 (бір мың екі жүз отыз алты) теңге.

Апендин Хамит жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Жамансариева

Документ подписан: Жамансариева А. Ш., 08.10.2025

Дата вступления в законную силу: 18.11.2025, судья Жетибаев Ж. К., 08.12.2025

7119-25-3-1/10798